

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округі Новорыбинка ауылындағы "Агротехника Жамбыл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 06 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 маусымда № 4229 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 6 қыркүйектегі № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округі әкімінің 06.09.2017 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық–санитарлық инспекторының 2017 жылдың 21 сәуіріндегі № 10-13/43 ұсынысы негізінде, Солтүстік-Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Кладбинка ауылдық округі Новорыбинка ауылындағы "Агротехника Жамбыл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында ірі мүйізді малдың жұқпалы ринотрахеит және вирустық диарея ауруларының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*М. Сердалинов*